

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 12 наурыздағы N 298 қаулысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 23 қыркүйек N 1154. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1997.06.30. N 1037 қаулысымен. ~P971037

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасындағы тауарлардың (жұмыстар, қызмет көрсетулер) экспорты мен импортының тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 12 наурыздағы N 298 P960298_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1996 ж., N 11, 83-құжат) "Экспорты лицензиялар бойынша жүзеге асырылатын тауарлардың тізбесі" деген

4-қосымшаға мынадай өзгертулер мен толықтырулар енгізілсін:

"Сирек, жерде сирек кездесетін металлдар, өндіріске арналған шикізат, балқымалар, қосылыстар мен бұйымдар" деген жолдар бойынша:

2-бағанда:

"2804 (280470000 басқа), 280540100" кодтары алынып тасталсын;

"280450, 280490" кодтарымен толықтырылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі